

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ТАРИХ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ИНСТИТУТЫ
САЯСАТТАНУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ПӘНДЕР
КАФЕДРАСЫ



БЕКІТЕМІН

Тарих және құқық
институтының директоры

Б.С.Жұмағұлов

« 25 » 05 2018 ж.

«6D050100 - ӘЛЕУМЕТТАНУ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША
ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАНЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

Алматы, 2018

Қабылдау емтиханының бағдарламасы:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылдың 27 шілдесіндегі «Білім туралы» заңы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылдың 17 маусымындағы № 261 бұйрығымен бекітілген магистратура мен докторантураға қатысты «Қазақстан Республикасындағы жалпыға міндетті мемлекеттік білім стандарты»;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылдың 19 қаңтарындағы № 109 қаулысымен бекітілген «Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарына қабылдаудың үлгі ережесі»;
- ҚР БЖҒМ 2013 ж. 10 сәуіріндегі «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» № 158 бұйрығымен бекітілген «6D050100 - Әлеуметтану» мамандығының үлгілік оқу жоспары негізінде даярланды.

Құрастырғандар: Ә.Ғ.Д., доцент

Нұрбекова Ж.А.

Саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының мәжілісінде талқыланып, қабылданды: № 10 хаттама, «22» мамыр 2018 ж.

Кафедра меңгерушісі:
ф.ғ.д., профессор

Әбсаттаров Р.Б.

Қабылдау емтиханының бағдарламасы Тарих және құқық институтының Ғылыми кеңесінде бекітілді: № 10 хаттама, «25» мамыр 2018 ж.

Мамандыққа кіріспе

Бағдарлама 6D050100 – Әлеуметтану мамандығы бойынша (PhD) докторантураға түсуші әлеуметтану мамандығы бойынша магистрлік білімі бар талапкерлерге арналып құрастырылды. Бұл бағдарламада қазіргі заман әлеуметтануының негізгі мәселелері көрініс тапқан: әлеуметтанудың ғылым ретінде спецификасы, шетелдік және қазақстандық әлеуметтану, қоғам әлеуметтануының құрылысы, әлеуметтік топтар мен субъектілердің негізгі әлеуметтік қарым-қатынасының мінездемесі, әлеуметтанудың салалары және т.б.

ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАНЫНЫҢ СИПАТЫ (тақырыбы, өткізу түрі, бағалау критерийлері)

Емтихан тақырыптамасы

Негізгі тақырыптама әлеуметтанудың мәселелерін қамтиды, әлеуметтік ғылымдар жүйесіндегі әлеуметтанудың орны мен статусы, әлеуметтік өмірдің элементтері, арнайы әлеуметтік теориялар, қолданбалы әлеуметтану. Бағдарламада «әлеуметтік», «әлеуметтік қатынастар», «әлеуметтік әрекет», «әлеуметтік бақылау», «әлеуметтік институт», «әлеуметтік және құндылық нормалары», «тұлға», «тұлға әлеуметтенуі», «әлеуметтік орта», «әлеуметтік процестер» және т.б. түсініктер қарастырылады.

Емтиханды өткізу формасы

Емтихан әлеуметтану ғылымынан қойылатын үш сұрағы бар емтихан билеттері бойынша ауысша формада өткізіледі.

Бағалау критерийлері

«өте жақсы» бағасы (10-8 балл) – бағдарламалық материалды толығымен меңгерілуі, қарастырылып отырған процестер мен құбылыстардың қатынасын түсінуі, пәннің негізгі ережені білуі, емтихан билетіндегі сұрақтарға және комиссия мүшелерінің қойған қосымша сұрақтарға дұрыс, толық, логикалық, орынды және нақты жауап беруі.

«жақсы» бағасы (7-6 балл) – бағдарлама сұрақтарына қанағаттанарлық толық жауаптар, сұрақтардың толық мәні мен мақсатын түсінуі, жауаптары орынды әрі нақты болуы.

«қанағаттанарлық» бағасы (5-4 балл) – бағдарламаның негізгі сұрақтарын толық әрі нақты түсіну, емтихан алушылардың қойған сұрақтарына қатесіз әрі нақты жауабының болуы.

«қанағаттанарлықсыз» бағасы (3-1 балл) – бірде бір сұраққа дұрыс жауабы жоқ, жауаптарында қатесі бар, ұсынылған мәселені түсінбеуі, жауаптары нақты емес және қосымша сұрақтарға жауабы жоқ.

Бағдарлама мазмұны

Тақырып 1. Әлеуметтану ғылымы туралы

Әлеуметтану пәні мен объектісі жайында қазіргі түсініктер. Әлеуметтанудың зерттеу пәні аясында жүріп жатқан дискуссиялар. Батыстық әлеуметтану: тенденциялары мен даму бағыттары. Қазіргі заман Ресей әлеуметтануы: тенденциялары мен даму бағыттары. Қазақстандық әлеуметтану: негізгі бағыттары мен субъектілері. Жаһандану және әлеуметтік процестерді зерттеудегі жаңа әдіснамалық тұрғылар(подходы). Әлеуметтану ілімінің және әдіснамасының іс жүзінде қолданылуы. Әлеуметтанулық теория құрылымындағы ауыспалы факторлар (переменные). Әлеуметтік өзгерістер әлеуметтануы.

Тақырып 2. Әлеуметтану теориясы

Әлеуметтанудағы құрылым-функционалдық парадигмасы. Әлеуметтанудағы функционалдық бағытының негіздеушісі Э.Дюркгейм. Функционалдық жүйелік әдіснама. Әлеуметтік дау-жанжал парадигмасы мен бағыттары. Дарендорф дау-жанжалдардың әлеуметтік зардаптары туралы. Интеракционализм. Әлеуметтік өзарабайланыстар парадигмасы. Адамның әлеуметтік мінез-құлығының зерттеуіндегі символикалық қозғалыстардың рөлі. Э.Гидденс және қазіргі әлеуметтану. Индустриалды және индустриядан кейінгі қоғамның теориялары. Ақпараттық қоғам теориясы. М.Кастельс. Әлеуметтік институт теориясы. Этнометодология әлеуметтану теориясының құрылымында. Ақпараттық қоғам теориялары.

Тақырып 3. Әлеуметтік зерттеудің методикасы мен методологиясы

Эмпирикалық әлеуметтану біртұтас әлеуметтану ғылымының бөлігі. Эмпирикалық әлеуметтанулық зерттеудің теориялық негіздері. Әлеуметтанудағы ауыспалы факторлар (әлеуметтік фактілер) мен олардың негізіндегі әлеуметтік ой-толғаулар мен талдаулар. Зерттеуі әдебі. Зерттеудің сапалы және сандық әдістері. Фокус - топтық зерттеу әдісі. Зерттеудің әлеуметтік өлшемдеу әдістері. Әлеуметтік эксперимент. Сұрақ арқылы зерттеуді ерекшелеу. Іріктеу. Басты және іріктелген жиынтық. Зерттеу алаңындағы кешенді зерттеу және тікелей бақылау. Әлеуметтік зерттеудегі екінші және тарихи талдау. Әлеуметтік болжаудың мәні мен ғылыми негіздері. Әлеуметтік процесстердің ғылыми болжау әдістері.

Тақырып 4. Мәдениет әлеуметтануы әлеуметтанудағы жаңа бір бағыт ретінде

Қоғам мәдениетінің негізгі элементтері. Білім. Заң. Әлеуметтік құндылықтар. Халықтық дәстүр. Ғылым. Дін. Өнер. Мәдениет институттары. Мәдениеттің жаһандануы мен зерттеу әдістері. Мәдениет және адам бостандығы. Тұлғаның қалыптасуындағы әлеуметтендірудің рөлі. БАҚ әлеуметтанудың уәкілі. Адам әлеуметтенуіндегі әлеуметтік институттардың рөлі. Қоғам және әлеуметтену. Әлеуметтенудің объективтік және субъективтік факторлары. Мәдениет диффузиясы. Қазақстандық мәдениеттің батыстануы. Қазіргі жастардың мәдени - құндылықты бағыттары.

Тақырып 5. Күнделікті өмірдегі әлеуметтік қатынастар

Әлеумет және әлеуметтік өзарабайланыстар теориясы. Г.Зиммель. П.Сорокин. Э.Гидденс. Әлеуметтік стратификация және әлеуметтік қатынастар. Күнделікті өмірдегі әлеуметтік статустардың рөлі. Ролдік қақтығыс пен ролдік қайшылықтар. Нақты өмірлік құбылыстардың әлеуметтік құрастыруы. Әлеуметтік рөлдердің гендерлік ерекшеліктері. Күнделікті өмірдегі адамдардың өзарабайланыстары мен іс-әрекеттері. Әлеуметтік мінез-қылықтар және олардың әлеуметтік мәні.

Тақырып 6. Әлеуметтік теңсіздік пен әлеуметтік стратификация

Әлеуметтік стратификацияның теориялары. Әлеуметтік стратификация теориясының негіздеушісі П.Сорокин. М.Вебердің әлеуметтік стратификация теориясы. Әлеуметтік стратификация және теңсіздіктің қазіргі теориялары. Әлеуметтік стратификацияның түрлері және формалары. Дамудың әр түрлі деңгейіндегі қоғамдарының стратификациялық құрылымы. Қазақстандық қоғамның стратификациясы.. Қазақстандық қоғамның әлеуметтік стратификациясы туралы қазақстандық ғалымдар. Әлеуметтік теңсіздік әлеуметтік стратификацияның негізі ретінде. Әлеуметтік теңсіздіктің формалары және түрлері. Әлеуметтік мобильділік теориясы. Көлбеу және вертикальді мобильділік. Қазақстандық ғалымдар әлеуметтік мобильділік туралы. Кедейлік әлеуметтік теңсіздіктің индикаторы.

Тақырып 7. Тұтыну әлеуметтануы

Тұтыну әлеуметтік талдау құбылысы ретінде. Маркетингтегі жеке тұтынудың мәселелері. Тұтыну мәдениеті. Сауда кеңістіктің өрісі. Жанұя және тұтыну. Адамның тұтынушылық әлеуметтенуі. Әлеуметтік-экономикалық топтар және жіктердің тұтынуы. Тұтыну әлеуметтануының категориялық аппараты. Тұтыну мәдениетінің әлеуметтік қырлары..

Тақырып 8. Қақтығыс әлеуметтануы

Дау-жанжалдары зерттеуің теориялық – методологиялық негізі. Дау-жанжалдың онтогенезі. Әлеуметтік дауларды түрлері және формалары. К.Маркстің әлеуметтік - таптық дау тұжырымдамасы. Э.Дюркгеймнің девиантты мінез-құлық, ынтымастық және қақтығыс тұжырымдамасы. Н.Смелзераның ұжымдық мінез-құлық және инновациялық дау-жанжал теориясы. Қазіргі әлемдегі жанжал ошақтары мен оның себептері. Әлеуметтік және жекебастық эгоистік.

Тақырып 9. Қазіргі заман экономикалық әлеуметтануы

Экономикалық әлеуметтанудың пәні туралы пікірталастар. Экономикалық әлеуметтанудың құрылымы. Нарық әлеуметтануы экономикалық әлеуметтанудың құрамды бөлігі ретінде. Қала және ауыл әлеуметтануы. Халықтың жұмыспен қамтылуының әлеуметтік теориялары. Жұмыспен қамтудың теориялары. Түрлі әлеуметтік топтарды жұмыспен қамтудың ерекшеліктері. Жұмыспен қамтудың гендерлік ерекшеліктері. Нарықтың зерттеуінің әлеуметтік теориялары. Экономикалық мотивация халықтың жұмыспен қамтылуының негізі. Жұмыспен қамтуды әлеуметтанулық зерттеу әдістері. ҚР индустриалды - инновациялық стратегиясының әлеуметтанулық талдауы. Инновация әлеуметтануы әлеуметтанудың жаңа бағыты ретінде. Әлеуметтік-экономикалық даму құрылымындағы әлеуметтік аудит. Әлеуметтік технологиялар инновацияның негізі.

Тақырып 10. Отбасы әлеуметтануының өзекті мәселелері

Отбасы және туыстық қарым қатынастарды зерттеудің теориялық-методологиялық негіздері. Қоғамдық қатынастардың құрылымындағы отбасы.. Отбасы - ғылыми зерттеулердің нысаны мен пәні. Отбасындағы әлеуметтік қарым-қатынастар. Нуклеарлық отбасы. Кеңейілген отбасы. Отбасылық зорлық мәселесі. Мемлекеттік отбасылық саясат. Отбасыларының репродуктивті ұстанымдары. Адамды әлеуметтендірудегі отбасының рөлі. Дәстүрлі және қазіргі отбасы. Некенің дәстүрлі емес түрлері мен оның салдарлары. Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму Қазақстан Республикасының Президенті – елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы.

Ұсынылған әдебиеттер:

Негізгі әдебиеттер:

1. Әбсаттаров Р.Б., Дакенов М. Әлеуметтану: өзекті мәселелер (Екі томдық оқу құралы) .- Алматы, 2015.
2. Тощенко Ж.Т. Социология. М., 2011.
3. Әлеуметтану: Оқулық.- Алматы : Қазақ университеті 2005.
4. Биекенов К.У. Институционализация казахстанской социологии.-Алматы: Қазақ университеті,- 2006.
5. Жаназарова З.Ж., Нурбекова Ж.А. Социальная безопасность. Учебное пособие. Алматы Қазақ университеті. 2016
6. Превентология в молодежной среде (руководство для преподавателей) по совместной образовательной программе КазНУ и УРФУ: учебно-методическое пособие/ Отв.ред А.Р. Масалимова. – Алматы: Қазақ университеті, 2017.

Қосымша әдебиеттер:

1. Бачинин В., Сандулов Ю. История западной социологии. -2002. -384с.
2. Шаукенова З.К. Лидер нации и формирование интеллектуального потенциала страны // Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2015 г.
3. Шаукенова З.К., Абдирайымова Г.С., Вережкин А.В., Кенжакимова Г.А., Бурханова Д.К. Ценности и идеалы независимого Казахстана // Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК 2015г.
4. Жаназарова З.Ж. Семья в условиях трансформации общества. Монография. Алматы. Қазақ университеті. 2017
5. Биекенов К.У., Садырова М.С. Әлеуметтану. Ұғымдар мен баламалар. Алматы, Эверо 2011 г.
6. Садырова М.С., Омарова А.Т. Білім әлеуметтануы. // ЖШС Эверо 2011г.
7. Исмуханова Г.Г. «Мониторинг защиты детей от жестокого обращения и сексуальной эксплуатации». // Печатный дом "Колесо" 2009г.
8. Нурбекова Ж.А. Сарыбаева И.С. Отандық әлеуметтану тарихы // Қазақ университеті 2012г.
9. Калдыбаева Т.Ж. Социальный аудит социально-экономических и культурно-образовательных программ с участием НПО.- ВКГТУ.-Усть-Каменогорск, 2009. Научное издание.
10. Учебник по социологии управления // Социология управления: Теоретико-прикладной толковый словарь / Отв. ред. А.В. Тихонов. - М.: КРАСАНД, 2016.
11. Халенова А.Р., Джунусова А.Т., Айсултанова К.А., Ештаева Н.А., Профессионально-ориентированный иностранный язык по специальности «Социология» Учебно-методическое пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2017.
12. Учебное исследование по эмпирической социологии. Учебное пособие. 2-е издание дополненное и переработанное. М. Издательство МГИМО-Университет, 2015. - 252 с.
13. Социология в 2-х тт. Т.2. Новые и новейшие социологические теории через призму социологического воображения. Учебник для академического бакалавриата. Издание 2. М.: Юрайт, 2016. - 636 с.
14. Социология труда. Учебник для вузов. – М.: Центр социального прогнозирования и маркетинга, 2016, – 464 с.
15. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: Жаһандық бәсекеге қабілеттілік» // Егемен Қазақстан. 31.01.2017.
16. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың мақаласы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» // Егемен Қазақстан 12.04.2017.